

Т.Рысқұлов атындағы Жаңа экономикалық университет

ӘОЖ: 005.584.1; 338.24

Қолжазба құқығында

**КАНАТБЕКОВА АЙНУР КАНАТБЕКОВНА**

**Өнеркәсіптік ұйымдардағы контроллингтің ұйымдастырушылық -  
экономикалық аспектілері**

6D050700 – Менеджмент

Философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер  
э.ғ.д., профессор  
Умирзаков С.Ы.

э.ғ.д. Ряховский Д.И.

Қазақстан Республикасы  
Алматы, 2015

## МАЗМҰНЫ

<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>5</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>6</b>
<b>1                    КОНТРОЛЛИНГ                    ТҰЖЫРЫМДАМАСЫН</b>	
<b>ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>11</b>
1.1 Контроллинг қағидалары негізінде басқару жүйесін қалыптастырудың бағыттары.....	11
1.2 Контроллингтің түрлері мен қызметтері.....	27
1.3 Контроллингтің шетел тәжірибесі және оны Қазақстанда қолдану мүмкіндігі.....	39
<b>2                    ҚАЗАҚСТАННЫҢ                    ӨНЕРКӘСІПТІК                    ҰЙЫМДАРЫНДА</b>	
<b>КОНТРОЛЛИНГТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫН ТАЛДАУ</b>	<b>53</b>
2.1 Қазақстандағы өнеркәсіптік ұйымдарда контроллингтің қызмет ету тиімділігін талдау.....	53
2.2 Өнеркәсіптік ұйымның құрылымында контроллинг жүйесінің алатын орнын бағалау.....	62
2.3 Кәсіпорынды басқару жүйесінде контроллинг құралдарының қолданылуын талдау.....	75
<b>3                    КОНТРОЛЛИНГ ҚАҒИДАЛАРЫ НЕГІЗІНДЕ ӨНЕРКӘСІПТІК</b>	
<b>ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН БАСҚАРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ.....</b>	<b>83</b>
3.1 Контроллингтің құралдарын қолданумен өнеркәсіптік ұйымдарды тиімді басқаруды ұйымдастырушылық – әдістемелік қамсыздандыру.....	83
3.2 Өнеркәсіптік ұйымдардың қызметінде пайданы қамтамасыз етуде контроллингтің құралдарын қолдану.....	127
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>143</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>146</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>152</b>

## АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

**Ақпарат** – кәсіпорын өнімділігі өсімінің басты ресурсы, себебі тек ол ғана кәсіпорынның стратегиялық мақсаттары мен міндеттері анықтауға және пайда болатын мүмкіндіктерді қолдануға; негізделген және уақтылы басқарушылық шешімдерді қабылдауға; жалпы қойылған мақсаттарға қол жеткізуге бағыттап, бөлімшелердің іс әрекеттерін үйлестіруге мүмкіндік береді.

**Басқару жүйесі** - фирманың ұйымдық құрылымының нышаны. Оған қаржыландыру, жоспарлау, өнім шығаруды бақылау, есептеу жүйелері, т. б. кіреді.

**Басқарушылық шешім** – бұл басқарушылық жұмыстың маңызды түрі, басқарушылық міндеттердің іске асырылуын қамтамасыз ететін өзара байланысты, мақсатты әрі логикалық тәртіппен орындалған басқарушылық іс – әрекеттердің жиынтығы.

**Кәсіпорын** – өнімді өндіретін, тауарларды өткізетін, жұмыстарды атқаратын және қызмет көрсететін заңды тұлғаның құқықтары бар жеке дара, ұйымдық – оқшауланған шаруашылық жүргізуші субъект.

**Контроллинг** - алдыға қойылған мақсаттарға, сондай – ақ кәсіпорын қызметінің оңтайлы нәтижелеріне жету үдерісін оперативтік және стратегиялық басқару барысында жетекшілер үшін қажетті баламалы жолдарды, бағыттарды анықтауды қамтамасыз ететін, есеп, талдау, бақылау мен жоспарлаудың синтезі, ақпараттық – талдамалық және әдістемелік қамсыздандырудың бірегейлендірілген жүйесі.

**Менеджмент** (ағылшын тілінен manage – басқару, меңгеру, ұйымдастыру, әкімшілік ету) – әлеуметтік – экономикалық жүйелерді әзірлеу және құру (ұйымдастыру), барынша тиімді пайдалану (басқару) және бақылау.

**Оперативтік контроллингтің мақсаты** – кәсіпорынның ағымдағы мақсаттарына жету арқылы басқару жүйесін құру, сондай – ақ шығын – табыс қатынасын оңтайландыру бойынша дер кезіндегі шешімдерді қабылдау.

**Өнеркәсіп** — еңбек құралдарының өндірісімен (өнеркәсіптің өзі, сондай – ақ халық шаруашылығының өзге де салалары үшін), шикізат, материал, отын, энергия өндірумен және өнеркәсіпте немесе ауыл шаруашылығында алынған өнімдерді өңдеумен (қайта өңдеумен) айналытасын кәсіпорындардың жиыны.

**Пайда** – тауарлар мен көрсетілген қызметтерді өткізуден түскен табыс пен бұл тауарлар мен көрсетілген қызметтерді өндіруге немесе сатып алу мен өткізуге кеткен шығындардың арасындағы оң айырма. Пайда = Түсім – Шығын (ақшалай көріністе). Пайда – кәсіпкерлік субъектілерінің шаруашылық қызметінің қаржылық нәтижелерінің маңызды көрсеткіші.

**Рентабельділік**, пайдалылық (нем. rentabel — табысты, пайдалы) — экономикалық тиімділіктің салыстырмалы көрсеткіші. Кәсіпорынның, оның қызметінің табыстылық көрсеткіші. Сан жағынан табысты шығынға бөлуден алынған жеке сан ретінде айқындалады.

**Стратегиялық контроллингтің мақсаты** – қолда бар мүмкіншіліктерді тиімді қолданылуын, кәсіпорынның қызмет етуін қамтамасыз ету, жемісті қызметтің жаңа мүмкіндігін құру және дамудың стратегиялық мақсатына қарай кәсіпорынның қозғалысын «қадағалау».

**Тиімділік** – кәсіпорынның қандай да бір мақсатына жетуде ресурстарды қолданудың нәтижелілігі.

**Экономикалық тиімділік** – өндірістік үдеріс факторларының тиімді қолдану нәтижесі мен шығындарының қатынасы.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АЖ	- ақпараттық жүйе
АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
АҚ	- акционерлік қоғам
БЖ	- басқару жүйесі
БҚО	- Батыс Қазақстан облысы
ҒЗТКЖ	- ғылыми – зерттеу және тәжірибелік – конструкторлық жұмыстар
ҒТП	- ғылыми техникалық прогресс
долл.	- доллар
жж.	- жылдар
ЖШС	- жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
ЖІӨ	- жалпы ішкі өнім
кг	- килограмм
КЖ	- контроллинг жүйесі
ҚР	- Қазақстан Республикасы
млн.	- миллион
ОЖ	- операциялық жүйе
СҚО	- Солтүстік Қазақстан облысы
ТМД	- Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
т	- тонна
ШҚО	- Шығыс Қазақстан облысы
%	- пайыз